

## "Қорғанышылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 521 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 31 қантарда N 2136 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 23 мамырдағы N 202 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 23.05.2013 N 202 қаулысымен**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабы 4 тармағына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** Е Т Е Д И :

1. Қоса берілген «Қорғанышылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Айнагұл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> Есіл ауданының әкімі	<i>E.Нұрақаев</i>	облысы
Солтүстік Есіл 2012 №	Қазақстан ауданы жылғы 5 2 1	әкімдігінің желтоқсандағы қаулысымен
бекітілді		

### **«Қорғанышылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру»**

**электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – қызмет) «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілдегі орган/ қызмет беруші) Халықта қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦК) болған жағдайда [www.gov.kz](http://www.gov.kz) «электронды үкімет» » порталы арқылы көрсетіледі.

Шалғай елді мекендердің тұрғындарына мемлекеттік қызметтің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында МобиЛЬДІК орталықтар арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге рұқсат етіледі.

2. Қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 қаулысымен бекітілген «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес көрсетіледі (бұдан әрі – Стандарт).

3. Қызметті автоматтандыру дәрежесі: жартылай автоматтандырылған.

4. Қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» осы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде қолданылатын ұғымдар мен қысқартулар (бұдан әрі – Регламент):

1) АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны.

2) «электрондық үкімет» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қол жетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭУП);

3) «Жеке тұлға» мемлекеттік деректер базасы - Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруге ендіру мақсатында автоматтандырылған жинау, сақтау және ақпаратты өндеу, жеке сәйкестендіру номірлерінің Ұлттық тізілімін құрастыруға және олар туралы өзекті және сенімді ақпараттарды Қазақстан Республикасындағы заңнамаларына сәйкес және мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілеттілігі аясында басқа субъектілерге беруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДБ);

4) бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе – бұл нотариалдық қызметті автоматтандыруға және әділет органдары мен нотариалдық палаталардың өзара іс-қимылына арналған аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі – БНАЖ);

5) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өндеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

6) жеке сәйкестендіру номірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін

қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

7) Қазақстан Республикасының халықта қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі - Қазақстан Республикасының халықта қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволар арқылы халықта (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету процесін автоматтандыру үшін арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - Орталық АЖ);

8) мемлекеттік қызметті алушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

9) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

10) «электрондық үкімет» өнірлік шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық әкімдік» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған «электрондық үкімет» шлюзінің кіші жүйесі (бұдан әрі – ЭУШ);

11) құрылымдық – функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) – бұл қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе уәкілетті органдардың құрылымдық бөлімшелер тізбесі;

12) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

13) «электрондық үкімет» шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭУШ);

14) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және ЭЦК қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

15) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілген мемлекеттік қызмет;

16) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі - ЭЦК).

## **2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі**

6. ЭУП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі (функционалдық өзара әрекет жасаудың № 1 диаграммасы) қадамдық әрекеттер осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) мемлекеттік қызметті алушы ЭУП-ке тіркеуді ЖСН және пароль көмегімен

жүзеге асырады (ЭУП-ке тіркелмеген мемлекеттік қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1 процесс – мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушының ЭУП-ке ЖСН және парольді енгізуі (авторизациялау процесі);

3) 1 шарт – ЖСН және пароль арқылы тіркелген мемлекеттік қызметті алушы туралы деректердің дұрыстығын ЭУП-те тексеру;

4) 2 процесс – мемлекеттік қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты, ЭУП авторизациялаудан бас тарту хабарламасын қалыптастыруды;

5) 3 процесс – мемлекеттік қызметті алушының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу) және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, мемлекеттік қызметті алушының нысанды толтыруы, сұрау салу нысанына Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың көшірмелерін электронды түрде тіркеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушының сұрау салуды куәландыру (кол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2 шарт – ЭУП-те ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімін және тізімде қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің болмауын, сондай-ақ сәйкестендірме деректерге сәйкес келуін (сұрау салуда көрсетілген ЖСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасында) тексеру;

7) 4 процесс – мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ шынайылығының расталмауымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

8) 5 процесс – мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды куәландыру және электрондық құжатты (сұрау салуды) қызмет көрсетуші өндеу үшін ЭУШ арқылы ЭУӨШ АЖО-ға жіберу;

9) 6 процесс – ЭУӨШ АЖО-да электрондық құжатты тіркеу, мемлекеттік қызметті алушыға хабарландыруды -мемлекеттік қызмет нәтижесін алудың датасы мен уақытын көрсетумен мемлекеттік қызмет ұсынуға сұрауды қабылдау туралы есепті жолдау;

10) 3 шарт – Стандарттың 11 тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті алушымен тіркелген құжаттардың сәйкестігін және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудегі негізін қызмет көрсетуші тексереді (өндейді);

11) 7 процесс – мемлекеттік қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуымен байланысты электрондық құжат түріндегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қалыптастыруды;

12) 8 процесс – мемлекеттік қызметті алушының ЭҮӨШ АЖО-да қалыптастырған қызмет нәтижесін (қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ қойылған электронды құжат түріндегі анықтаманы (бұдан әрі-анықтама) немесе электронды құжат түріндегі мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәлелденген жауапты алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің қызметкерінің ЭЦҚ-сын пайдаланумен құрастырылады.

7. Орталық арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі (функционалдық өзара әрекет жасаудың № 2 диаграммасы) қадамдық әрекеттер осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) 1 процесс – орталық операторының электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін Орталық ЭҮӨШ АЖО-на логині мен паролін енгізуі (авторландыру процесі);

2) 2 процесс – орталық операторының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салу нысанын экранға шығаруы және мемлекеттік қызметті алушының деректерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушының сенімхат бойынша (тек қана нотариалды куәланырылған сенімхат, егер де сенімхат бөгде жағдаймен куәланырылса, сенімхаттың деректері толтырылмайды) өкілінің деректерін енгізуі;

3) 3 процесс – ЖТ МДҚ-на ЭҮШ арқылы мемлекеттік қызметті алушының деректері туралы, сондай-ақ БНАЖ-не мемлекеттік қызметті алушы өкілінің сенімхат деректері туралы сұрау салуды жіберуі;

4) 1 шарт – ЖТ МДҚ-да мемлекеттік қызметті алушы деректерінің болуын, БНАЖ-да сенімхат деректерінің болуын тексеру;

5) 4 процесс – ЖТ МДҚ-да мемлекеттік қызметті алушы деректерінің, БНАЖ-да сенімхат деректерінің болмауымен байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны құрастыру;

6) 5 процесс – сұрау салу нысаның құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде орталық операторының толтыруы және мемлекеттік қызметті алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі мен оларды сұрау салу нысанына бекітуі, және электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі толтырылған (деректерді енгізу) сұрау салу нысанасын ЭЦҚ арқылы куәланыруы;

7) 6 процесс – орталық операторының ЭЦҚ-мен куәланырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (мемлекеттік қызметті алушының сұрау салуын) ЭҮШ арқылы ЭҮӨШ АЖО-ға жіберу;

8) 7 процесс – ЭҮӨШ АЖО-да электрондық құжатты тіркеу, мемлекеттік қызмет алушыға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру;

9) 2 шарт – Стандарттың 11 тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті алушымен тіркелген құжаттардың сәйкестігін және электрондық мемлекеттік

қызмет көрсетудегі негізін қызмет көрсетушінің тексеруі (өндөуі);

10) 8 процесс – мемлекеттік қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

11) 9 процесс – мемлекеттік қызметті алушының ЭУӨШ АЖО-да қалыптастырыған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін (қағаз жеткізуіде қорғанышылық және қамқоршылық жөнінде анықтаманы) (бұдан әрі-анықтама) Орталық операторы арқылы алуы.

8. Электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салуды және жауапты толтыру нысандары [www.gov.kz](http://www.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталында, сондай-ақ орталықта

көрсетілген.

9. Электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салудың орындалу статусын мемлекеттік қызметті алушымен тексеру тәсілі: «электрондық үкімет» порталындағы «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде, сондай-ақ Орталыққа арызданғанда.

10. Қажетті ақпаратты және қызмет көрсету бойынша кеңесті ЭУП call-орталығының телефоны бойынша алуға болады: (1414)

### **3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық функционалдық бірліктер (бұдан әрі - КФБ):

- 1) Орталық операторы;
- 2) қызмет барыші.

12. Әрекеттердің (рәсімдерінің, атқаратын қызметтерінің, операцияларының) дәйектілігін әрбір әрекеттің орындалу мерзімін көрсетумен мәтіндік кестелік сипаттау осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

13. Әрекеттердің логикалық дәйектілігінің арасындағы (қызмет көрсету кезіндегі) өзара байланысты олардың сипаттамаларына сәйкес көрсететін диаграмма осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

14. Осы Регламенттің 3-қосымшасында хабарламалардың нысандарын қоса алғанда, қызмет көрсету нәтижесі соған сәйкес ұсынылуы тиіс бланкілердің нысандары, үлгілері көрсетілген (шығыс құжат).

15. Мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету нәтижелері осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерімен елшenedі.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қойылатын талаптар:

- 1) құпиялышық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды рұқсатсыз ұстап қалудан көрғау).

17. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің техникалық шарты:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін тұлғаның ЖСН-і болуы;
- 3) ЭУП-мен авторландыру;
- 4) ЭЦҚ пайдалануышда болуы;

**«Корғаншылық  
жөніндегі  
электрондық  
көрсету  
1-қосымша**

**және  
анықтама  
мемлекеттік  
қызметтің  
регламентіне**

**қамқоршылық  
беру»**

### 1-кесте. ЭУП арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

1.	Iс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5
2.	ҚФБ, АЖ атауы	Мемлекеттік қызметті алушы	ЭУП	Мемлекеттік қызметті алушы	ЭУП	Мемлекеттік қызмет
3.	Iс-әрекет атауы (процесс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	ЖСН және пароль бойынша ЭУП-та авторизацияланады	Мемлекеттік қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, бастарту хабарламасын қалыптастырады	Мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ таңдауымен қызметті тандайды және сұрау салудың деректерін қалыптастырады	Мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, бастарту туралы хабарлама қалыптастырады	Мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, бастарту туралы хабарлама қалыптастырады
		Сұрау салуды ойдағыдай қалыптастыру бойынша	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік		Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметке бас	

4.	Аяқтау нысаны (хабарламаны деректер, құжаттар, үйымдастыру-өкімдік шешім)	бейнелеу	кызметке бастарту хабарламасын қалыптастырады	Сұрау салудың бағытталуы	тарту туралы хабарламақалыптастырады	Сұрау бағытталыптастырады
5.	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 минут	30 сек	1,5 мин	1,5 мин	30 сек –
6.	Келесі іс-әрекет номірі	2 – егер мемлекеттік қызметті алушының деректерінде бұзушылық болса; 3 – егер авторизациялау ойдағыдай отсе	–	4 – егер мемлекеттік қызметті алушының деректерінде бұзушылық болса; 5 – егер бұзушылық болмаса	–	–


## 2-кесте. Орталық арқылы ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

1.	Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5	6
2.	ҚФБ, АЖ атаяу	Орталық операторы	Орталық операторы	Орталық операторы	ЖТ МДҚ, БНАЖ	Орталық операторы	Орталық операторы
3.	Іс-әрекет атаяу (процесс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	Орталық операторы логин және пароль арқылы авторизацияланады	Кызметті таңдайды және сұрау салудың деректерінде қалыптастырады	ЖТ МДҚ-на, БНАЖ-не сұрау салудың жіберілуі	Мемлекеттік қызметті алушының деректері болмауына байланысты, деректерді ала алмау жөніндегі хабарламасын қалыптастырады	Сұрау салудың нысанына қажетті құжаттарды тіркеу арқылы толтыру және ЭЦҚ куәландыру	ЭҮӨ АЖО-қуәла дырыл қойыл құжат жіберу
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, үйымдастыру-өкімдік шешім)	Колхат	Сұрау салуды ойдағыдай қалыптастыру жөнінде хабарламаны бейнелеу	Сұрау салудың бағытталуы	Дәлелді бастартуды қалыптастыру	Сұрау салуды ойдағыдай қалыптастыру бойынша хабарламаны бейнелеу	Сұрау бағытталуындағы Өтініш беру өсірау тіркеу

5.	Орындалу мерзімі	1 минут	30 сек	1,5 мин	1,5 мин	30 сек – 1 минут	1 мину
6.	Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4 – егер мемлекеттік қызметті алушының дереқтерінде бұзушылық болса; 5 – егер бұзушылық болмаса	–	–	–

«Қорғаныштық жөнінде анықтама қызмет және беру» көрсету қамқоршылық электрондық регламентіне 2-қосымша


**ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі өзара функционалдық әрекеттесудің № 1 диаграммасы**



Орталық арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі өзара

функционалдық әрекеттесудің

**№ 2 диаграммасы**



**Кесте. Шартты белгілер**

	Бастапқы хабарлама
	Соңғы хабарлама
	Аралық хабарлама
	Соңғы қарапайым жағдайлар
	Қате
	Таймер-жағдайлар
	Акпараттық жүйе
	Үдеріс
	Шарт
	Хабарламалар ағыны
	Басқару ағыны
	Нақты алушыға берілетін электрондық құжат

«Корғаншылық  
жөніндегі  
электрондық  
қызметті  
3-қосымша

және  
анықтама  
көрсету

қамкоршылық  
беру»  
мемлекеттік  
регламентіне

## Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған дұрыс жауаптың шығу нысаны



Кұжат электрондық үкімет жүйесінде құрылған  
Документ сформирован системой электронного правительства

Жіберілген күні  
Дата подачи

10.08.2012

ЭУП/ПЭП	ХҚКО/ЦОН	002013922928
АЖО/APM	08000022925	

АНЫҚТАМА № \_\_\_\_\_

Осы анықтама \_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_  
көшесі, № \_\_\_\_ үй, № пәтерде тұратын азамат (азаматша). \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілді, ол шын мәнінде (қала, аудан) әкімінің 200 \_\_\_\_\_  
жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ № шешіміне сәйкес 19 \_\_\_\_ жылғы  
«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ туылған \_\_\_\_\_ және оның мүлкіне (мүлкінің тізімдемесі  
істе тігулі, мүлкі жоқ) қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалды.

Қорғаншыға (қамқоршыға) қамқорлыққа алынушыны тәрбиелеу, оқыту,  
қоғамдық пайдалы қызметке даярлау туралы, оның жеке мүліктік құқықтарын  
қорғау және сақтау, сotta және барлық мемлекеттік мекемелерде арнайы  
әкілеттікіз оның өкілі болу міндеті жүктеледі.

Аудандық білім  
бөлімнің бастығы Т.А.Ә.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтанба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы N370-II КРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатқа тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи равнозначен документу на бумажном носителе.



\*Штрих-код «Электрондық әкімдік» акпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды { указать подразделение } ({Указать регион}).

Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные, электронно-цифровой подписью { указать подразделение } ({Указать регион}).

## Мемлекеттік қызметті алушыға берілетін хабарлама

Өтініш орындау статусы өзгергенде немесе қызмет көрсету мерзімі ұзартылғанда хабарлама келіп түседі. Хабарлама мәтінімен еркін жол электрондық үкімет порталының жеке кабинетінде «Хабарлама» бөліміне келіп түседі.

«Қорғаншылық  
қамқоршылық  
беру»  
қызмет  
4-қосымша

жөнінде  
электрондық  
көрсету

және  
анықтама  
мемлекеттік  
регламентіне

Электрондық мемлекеттік қызмет көрсеткіштерін анықтауға арналған  
сауалнама түрі: «сапа» және «қолжетімділік» \_\_\_\_\_

---

**(қызмет атавы)**

1. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсете үдерісінің сапасы мен нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
- 1 ) қанағаттанбаймын ;  
2) ішінара қанағаттанамын ;  
3 ) қанағаттанамын .
2. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсете тәртібі туралы ақпарат сапасына қанағаттанасыз ба?
- 1 ) қанағаттанбаймын ;  
2) ішінара қанағаттанамын ;  
3) қанағаттанамын .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК